Жедел инсульттағы науқастың табысты емделуі жалпы жұртшылықтың да, дәрігерлердің де инсульттің өткір миокард инфарктісі немесе жарақаты сияқты шұғыл болып табылатындығынан хабардар болуынан басталады [106].

Жоғарыда айтылғандардан тамыр ауруларын болдырмау және өлім-жітімді азайту және инсульттің Қазақстан Республикасындағы ауырпалығын азайту бойынша шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру ми қантамырлық патологиялармен аурушаңдықтың, өлім-жітімнің және мүгедектіктің төмендеуіне, науқастардың өмір сапасын жақсартуға және қоғамның экономикалық ысыраптарын едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Депрессия кезінде-стресске жауап ретінде гиперстимуляция, глюкокортикоидтардың (кортизолдың) көбеюі. Бұл гиппокамптың атрофиясына әкеледі, бұл ішкі бұзылыстардың дамуына байланысты және деменцияның пайда болуына себеп болуы мүмкін. Өмір салты мен зиянды әдеттерді ескере отырып, депрессия кезінде пайда болатын тамырлы қауіп факторлары (темекі шегу, физикалық белсенділік) периваскулярлық-глимфатикалық көлік жүйесінің дисфункциясы салдарынан АА даму ықтималдығын арттырады. Жас кезіндегі депрессияның дебюті деменцияның кешіктірілген дамуымен байланысты болмауы мүмкін, ал орта жаста зерттеушілердің көпшілігі бұл жағдайлар арасында тығыз байланыстың болуына күмән келтірмейді. Бірнеше факторларды талдау бұл мәселені шешуге көмектеседі. Біріншіден, уақыт факторы-орта және егде жастағы адамдарда үлкен депрессиялық эпизодтан

кейін 1 жыл ішінде тұрақты КН дамуы. Екіншіден, нейробиологиялық тестілеу нәтижелерін мұқият талдау-клиникалық маңызды ішкі тапшылықты анықтау АА-ның дамуын растайды. Үшіншіден, патологиялық амилоидоз мен нейродегенерацияның тірі кезіндегі заманауи маркерлерін қолдану, динамикадағы бақылау және зерттеу, антидепрессанттармен терапияға жауап беру осы жағдайлардың арасындағы байланысты растайды. Деменция кезіндегі депрессияның ерекшеліктері. ВА сонымен қатар 30-50% жағдайда кездесетін депрессиямен сипатталады [108]. Жалпы, ВА депрессиясы оның белгілері бойынша үлкен депрессиялық эпизодтан ерекшеленеді: ол DSM-5 немесе ICD-10 диагностикалық критерийлеріне сәйкес келмейтін аз ауыр ағымға ие [109, 110]. Айырықша ерекшелігі-танымдық жетіспеушілікке, абстракция мен концептуализация қабілетінің жоғалуына байланысты мұндай науқастарда депрессия белгілерін дәл сипаттаудың болмауы. Ауру дамыған сайын көңіл-күйдің төмендеуіне шағымдардың саны біртіндеп төмендейді, өйткені мидың жоғары функциялары жиі бұзылады, нәтижесінде пациенттерге бар проблемаларды сипаттау қиынға соғады [111]. Осыған байланысты депрессияны диагностикалаудың дәстүрлі құралдары, мысалы, жастарда, КН-мен ауыратын науқастар үшін қиын болуы мүмкін, өйткені көп жағдайда субъективизмге байланысты нақты клиникалық жағдайды қабылдаудың бұрмалануына әкеледі [112]. Сондықтан, мысалы, деменция кезіндегі Корнелл депрессиясының шкаласы қолданылады. Зерттеудің мәні-ақпаратты кешенді түрде жинау: пациентте ғана емес, оның туыстарында да. Әр түрлі этиологиялы деменциясы бар 13 172 пациенттің қатысуымен жүргізілген 55 зерттеудің Мета-анализінде депрессия орта есеппен 15,9% жиілікпен, тамырлы деменциямен (24,7%), АА-мен (14,8%) салыстырғанда басым болғаны көрсетілген [113]. Тағы бір ірі Мета-анализде 120 зерттеу бір уақытта депрессияның таралуын зерттеді. Ең жоғары жиілік фронтотемпоральды деменциясы бар пациенттер үшін (51,5%-ға дейін), ал Леви денесімен деменцияда депрессия барлық жағдайлардың 38,3% ал тамырлы деменцияда-39,8% - да байқалды. Кезінде БА депрессия байқалды 22,1—28,4% жағдайда [114].

## 1.1 Инсульттан кейінгі деменцияны ерте кезеңінде анықтаудың маңыздылығы

Инсульт халықтың өлім-жітім себептерінің арасында 2-3-ші орынды алады және мүгедектіктің ең жиі себебі . Жыл сайын әлемде 1 млн халыққа шаққанда шамамен 2400 инсульт тіркеледі [115,116]. Инсульттан кейінгі ең жиі асқыну когнитивті бұзылулар болып табылады, атап айтқанда олардың ауыр түрі— деменция. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, олар науқастардың мүгедектік дәрежесін күшейтеді, науқастарды оңалту процесін айтарлықтай қиындатады. Когнитивті бұзылулар инсульттің барлық түрлері нен кейін дамиды, әсіресе лакунарлық инсульттан кейін дамиды [117]. 1993 жылы Nachinski V когнитивті қызметтің бұзылыстарын анықтау мақсатта цереброваскулярлық ауру салдарынан пайда болатын "тамырлы когнитивті бұзылыстар" терминін ұсынды. Тамырлы когнитивті бұзылыстар құрамына тамырлы деменцияның өзі, мидың когнитивті бұзылыстары және бас миының нейродегенеративті патологиялары, деменция алдылық когнитивті бұзылыстарды қарастыру ұсынылды [118,119]. 50-60% жағдайда тамырлы деменция инсультпен байланысты әсіресе қайталанған инсультпен. Инсульт 5-9 есе деменцияның дамуына әсер етеді. Инсульт алған науқастарда деменцияның кездесуі 20-25% құрайды [120,121].

Көптеген бақылаулар нәтижесінде орташа дәрежелі когнитивті бұзылыс диагнозы қойылғаннан кейін 5 жылдан кейін деменцияның дамуы 55-70% құрайды [122]. Инсульттан кейінгі когнитивті бұзылыстар деп инсульттан кейін алғаш рет пайда болатын бір немесе бірнеше когнитивті қызметтің (есі, праксис, гнозис, сөйлеу, назар аудару ) бұзылысымен сипатталады. Инсульттан кейінгі деменция деп күнделікті қызметтерді (жұмыста, қоғамдық қызметте, үй жұмыстарын орындауда, өзіне-өзі қызмет көрсетуде) қиындықтар туғызатын жоғары ми қызметінің айқын бұзылысымен көрінеді [123]. Инсульттан кейін алғашқы айларда көптеген науқастарда когнитивті бұзылыстар диагностикаланады. Инсульттан кейінгі деменцияда когнитивті қызметтің ең ауыр түрінің кездесуі пациенттің жасына және инсульттің ауырлығына байланысты 7-40% құрайды. Инсульттан кейінгі когнитивті қызметтің дамуына әсер ететін жастық ерекшелік, инсульттің қайталануы, айқын лейкоареоз немесе магниттік-резонанстық томография көрсеткіші бойынша гипокамп атрофиясы, ошақтың сол жарты шарда орналасуы [124]. Инсульт алған 60-69 жастағы науқастарда 15% жағдайда деменция дамиды, 70-79 жастағы науқастарда — 26%, 80 жастан кейін — 36% жағдайда дамиды [125].

Деменцияны бағалау үшін бірнеше шкалалар қолданылады, бірақ олардың ешқайсысы мінсіз емес , қосымша ретінде қолданылады. Олар қысқаша психикалық статусын бағалайтын шкала (MMSE) [126]. когнитивтік функцияларды бағалаудың Монреаль шкаласы (MoCA шкаласы). Модификацияланған Адденбрук когнитивті шкаласы (ACE-R шкаласы) көп уақытты талап етпейді және деменцияны анықтауда сенімді [127,128]. Ауыр деменция кезінде когнитивтік функцияларды бағалау шкаласы (SIB шкаласы) аурудың орташа және айқын сатысында деменцияны анықтауда қолданады.

Ересектерге арналған оқу арқылы тексерілетін тест NART [129,130]. Мінез-құлық және психиатриялық симптомдарды қосымша бағалауға NPI нейropsихиатриялық симптомдар шкаласы қолданылады, бірақ бұл шкала үшін ақпарат көзі пациентті күтетін адамдардың мәліметтері болып табылады. Практикалық невропатолог дәрігерлер арасында Mini-Cog тесті кеңінен қолданылады, ол қысқа мерзімді есті(үш сөзді есте сақтау) және көру, кеңістіктік координацияны ("сағатты салу" тестін) қамтиды [131,132].

Ми қан тамырлары аурулары бар науқастарта есте сақтау қызметінің төмендеуін анықтау мақсатта нейropsихологиялық тест ұсынған, сол арқылы когнитивті қызметтің бұзылысын анықтап, себебін болжамдауға көмектеседі. MMSE, Mini-Cog тесті, 5 сөзді сақтау тесттер жүргізу нәтижесінде, дәрігер мидың созылмалы тамырлы патологиясы бар науқастарда бастың ауруына, бастың айналуы, жұмысқа қабилеттіліктің төмендеуіне қарағанда когнитивті бұзылыстарға көп назар аударады [133].

Қазіргі уақытта пациенттің туыстарымен әңгімелесу арқылы инсульттан алдын когнитивті қызметтеріне ретроспективті болжам жасайтын арнайы сауалнама әзірленген. ("егде жастағы адамдардың туыстарынан когнитивті қызметі сұралатын сауалнама" – Informant Questionnaire on Cognitive Decline in Elderly – IQCODE) [134]. Henon Н.және соавт [135]. бұл сауалнама инсультан кейінгі деменциясы бар науқастарда әрбір үшінші пациенттің инсультке дейін деменциясы болуы мүмкін екенін анықтады. Л. Ю. Никитинаның және Н.В. Вахнинойда деректері бойынша инсультке дейінгі деменция 26% - да, ал инсультке дейін когнитивті қызметтің бұзылысы 50% жағдайда кездесетінін анықталды [136].

Техас университетінің оңтүстік-батыс медициналық орталығында Альцгеймер ауруына қарсы күрес орталығында 2012 жылдың қаңтар айынан 2014 жылдың ақпан айына дейін MoCA (SF-MoCA) қысқа нұсқасын тексеру үшін 408 науқасты алды. Оның жіктеу дәлдігін стандартты MoCA-мен және жеңіл когнитивті бұзылулар (MCI), Альцгеймер ауруы (AD) және MMSE, шкалалары арқылы зерттеді. 408 пациенттің (MCI N = 169, AD N = 87 және қалыпты n = 152) кездейсоқ іріктеп алған. Нәтижелері SF-MoCA когнитивті қызметтің бұзылыстарын анықтау үшін тиімді қысқа құрал болуы мүмкін екенін көрсетеді [137].

Ишемиялық инсульттің жіті кезеңіндегі когнитивтік бұзылыстардың себептерін анықтау мақсатында 60 науқаста (орташа жасы  $64,3 \pm 9,5$  жыл) MMSE, Маттис деменциясының шкаласы (MDRS) және алдыңғы дисфункцияны бағалау үшін тесттер (MTI) бойынша когнитивтік функциялар зерттелді, MPT ға түсірді. Ишемиялық инсульт дамуының алғашқы 2-4 күні MMSE бойынша өзгерістер 61,6% науқастарда, MDRS бойынша - 70% - да, MTI бойынша-68,3% - да анықталған. Ишемиялық инсульттің жіті кезеңінің соңында (21-24-ші күн) MMSE бойынша өзгерістер науқастардың 55% - да, MDRS бойынша - 36,7% - да, MTI бойынша-40% - да анықталған. Нәтижесінде когнитивті бұзылыстар бар барлық науқастарда мидың ишемиялық зақымдануынан және лейкоареоздан басқа, самай бөлігінің атрофиясы және

гиппокампа мөлшерінің азаюы анықталды. Когнитивтік функциялардың бұзылыстармен мен инсульт ауырлығының арасындағы байланыс анықталды. Ишемиялық инсультпен ауыратын науқастарда когнитивті бұзылыстар дамуына нейро-дегенеративтік өзгерістер маңызды рөл атқаратыны анықталды [138].

Зерттеу Ресейде СОМЦ ФМБА № 2 Томск ауруханасында неврология бөлімшесінде емделіп жатқан 64 науқасға жүргізілді. Зерттеу мақсаты когнитивті бұзылыстардың дәрежесі мидың зақымдалу ошағына байланыстылығын анықтау. Инсульт басынан өткірген 32 науқас (орташа жас  $53,9 \pm 12,4$ ), салыстырмалы топ орталық нерв жүйесінің патологиясы жоқ 32 науқас алынды (орташа жас  $52,1 \pm 12,9$  жыл). А.Р. Лурия тесті бойынша нейропсихологиялық тест жүргізілді, толық клиникалық тексеруден өткізді. Инсульт өткізген науқастарда есту сөйлеу, қысқа және ұзақ уақыт есте сақтау қабилеті төмендеуі анықталды. Жеңіл дәрежелі когнитивті бұзылыстар орташа жасты науқастарда анықталды. Егде жастағы науқастарда амнестикалық мультифункционалды орташа дәрежелі когнитивті бұзылыстар анықталды. Есту сөйлеу, көру гнозис бұзылыстар ортанғы ми артериясының бассейніде инсульт өткірген науқастарда маңдайдың артқы бөлігі және төбе бөлігін зақымдалуы анықталды. Статистикалық талдау Манна Уитни критерий бойынша 2 тәуелсіз топты салыстыру мақсатта жасады [139]. В1962 ж. J. Delay и S. Brion [140,141] ишемиялық ошақтың орналасуына қарай тамырлы деменцияға алып келуі мүмкін 3 аймақты анықтаған: 1) артқы түрі - артқы ми артериясының (АМА) бассейнінде инфарктің дамуымен, бастың самай мен желке бөлігімен таламустың венстромедиальды бөліктерін зақымдайды, 2) алдыңғы ми артериясының бассейнінде инфарктің дамуымен алдыңғы ми бөлігінің медиальды бөліктерін зақымдайтын алдыңғы түрі, 3) базальды ганглийлер мен таламусты зақымдайды. [142,143]. 120 ишемиялық инсульт алған науқастарда зерттегенде когнитивті қызметтің бұзылысына тек бас миының зақымдалу ошақтары ғана емес сонымен бірге мидың ақ затының терең бөліктерінің диффузды зақымдалуыда әсер етеді [144].

А Very Early Rehabilitation Trial (AVART) инсульт алған науқастарды зерттегеннен кейін 3 айдан кейін МоСА шкаласын қолдану негізділігін бағалау. Зерттеуге 294 науқас алынған, орташа жас 70,6жыл. Оның 220 (75%) МоСА бойынша толық зерттеуден өткізген, 54(18%) МоСА бойынша бағалауға ақпарат жеткіліксіз болды, 20(7%) науқас қайтыс болған. 87% науқаста инсульттің жеңіл дәрежесімен, 79% инсульттің орташа дәрежесімен, 67% инсульттің ауыр дәрежесімен зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде орташа балл МоСА бойынша 30 баллдан 21,1балл болды. Тек 220 науқастан 78 (35 %) қалыпты көрсеткішке қол жеткізді ( $\geq 26$  балл) . МоСА шкаласы когнитивті қызметтің бұзылуының әмбебап скринингін жүргізу үшін қолданылуға болатын анықтады [145].

Зерттеу Ресейдің Астрахан қаласында "Қалпына келтіру медицинасы және оңалтудың орталық бөлімшесінде" жүргізілген. Зерттеуге 8 науқас қатысқан (май-июнь аралығында 2018 жылы ) 43 жаспен 68 жас аралығында 3

кезеңде жүргізілді. 1 кезең –қыркүйек 2018ж, 2 кезең –желтоқсан 2018ж, 3-кезең наурыз 2019ж. Нақастар 3 кезеңде күндізгі бөлімд 3 апта оңалтуда болды. Содан кейін науқастар 2 ай бойы үй жағдайында жеңіл гимнастикамен айналысты.Бағдарламаға массаж, физиотерапия. Иглотерапия,арнайы жасалған аяқ пен қолды қамтитын емдік дене шынықтыру кіреді.Нәтижесінде 8 науқастан үшеуінде парез бар қолында қимыл әрекеті жақсарды.Мүгедектік дәрежесін бағалау үшін Рэнкин шкаласын қолданды, Рэнкин шкаласы объективті қадағалауға сондай-ақ оңалту іс-шараларының тиімділігін бағалау мүмкіндік береді.Зерттеу нәтижесінде 1–кезеңде инсультті басынан өткірген науқастарда 1-ші кезеңде орташа Рэнкин шкаласы боойынша 2,5 ұпай болған, 2-ші кезеңде 1,6 ұпайға төмендеген.Бұл дегені зерттеуден кейін 2-ші этаптан бастап науқастардың жағдайы 64% жақсарды, соңғы 3-кезеңен кейін тағыда 39% жақсарды.Алынған нәтижелер оңалту қалпына келтіру бағдарламасы дұрыс жасалғанын дәлелдейді[146]. Шет ел ғалымдарының зерттеу нәтижелерінде күнднілікті жасалған жаттығулар мидың ассоциативті аймақтарда көңіл аудару қызметін жақсартады[147].

Инсульт алған науқастарда когнитивті қызметтің бұзылыстарын анықтауда көптеген шкалалар бар. Жоғарыда көрсетілген шкалалар арқылы когнитивті қызметтің бұзылуларын ғана емес сонымен қатар аталған бұзылыстар инсульттің орналасқан орны, түріне байланысты дәрежесін де анықтауға мүмкіндік береді. Мақалаларды зерттеу барысында когнитивті қызметті бағалайтын шкалалардың артықшылықтарымен кемшіліктерін көрдім. Мақалаларды зерттеу барысында MoCA шкаласының тиімділігін анықтадым.Монреаль шкаласында жалпы 30ұпай. 26 ұпай жинаса ол қалыпты когнитивті бұзылыстар жоқ, жиналған ұпайға қарай когнитивті қызметін дәрежесін бағалаймыз. Анамнез жинау барысында осы шкаланы міндетті түрде қолдануды ұсынамын. Ауырлық дәрежесіне байланысты ем тағайындалады.Мақалаларды оқу барысында инсультті басынан өткірген науқастарға оңалтуға көп мән берілген. Мен таңдаған әдістің қоғамға әсері – инсульттің жасаруына байланысты елімізде жұмысқа жарамды адамдардың саны азайып бара жатыр. Қазіргі заманғы технологияның қарқынды дамуына қарамастан нерв жүйесі ауруларының өлімге және де мүгедектікке әкелу дәрежесі алдыңғы орындардың бірінде тұр .Жалпы аурушандық көрсеткіші жыл сайын өсуде.Мүгедектік адамдардың әлеуметтік-мәдени және де психикалық өмірге көз қарастарын түбегейлі өзгертеді.Ал науқастардың мүгедекке ұшырмай, денсаулық дәрежесін қалыпты деңгейде ұстау үшін емдік шаралармен бірге реабилитациялық шаралар жүзеге асуы тиіс[148-149].Жыл сайын инсульт жасарып отыр, ол өз кезегінде еліміздің әлеуметтік жағдайын төмендетеді. Бас миының қыртыс пен қыртыс асты құрылысының ошақты ишемиялық зақымы салдарынан жоғарғы ми қызметінің бузылысы дамиды. Қыртыс асты құрылысының танымында когнитивті бұзылыстар бас миының түрлі бөлімдері байланыстарының тұрақтылығы нәтижесінен дамиды[140]. Инсульт алған науқастарда 65% -ында резидуалды кезеңде сезімталдық пен қозғалыс бұзылысы сақталады [151]. Науқастардың 25% - ында жеңіл дәрежелі

мүгедектік, 40% да орташа немесе ауыр дәрежесі мүгедектік көрініс береді. Инсульттан кейін әртүрлі неврологиялық бұзылыстар пайда болуы мүмкін, мысалы, гемипарез, афазия, аффективті бұзылулар мен танымдық жетіспеушілік, созылмалы ауырсыну және депрессия [152]. Инсульт алған пациенттерді қалпына келтіру терапиясының негізі: мультидисциплинарлық оңалту, алдын-алу және асқынулармен күресу, дәрі-дәрмекті ем қайталама ОНМКның алдын алу үшін, дұрыс өзіне-өзі қызмет көрсету және қалпына келтіру болып табылады [153].

Инсульттан кейінгі қозғалыс бұзылыстарын емдеудің негізгі әдістеріне ЛФК (терапиялық гимнастика, пассивті гимнастика, терапиялық массаж), эрготерапия жатады. Алайда, соңғы онжылдықта оңалтуда жоғары технологиялық аппараттық тәсілдерді емлеудің стандартты әдістеріне енгізу қарастырылуда. Бұл әдістер нейропластика процестерді барынша белсендіруге мүмкіндік береді [154]. Оларға транскраниальды магниттік ынталандыру, әртүрлі роботты және механотерапиялық құрылғыларды қолдана отырып аппаратты оңалту әдісі [155]. Көптеген зерттеулердің нәтижелер көрсеткендей инсульт алғаннан кейін науқастың емделуге сезімтал кезеңі болады. Ол кезеңді (оңалту үшін сыни терезе) деп аталады. Осындай "сыни терезесі" инсульттан кейінгі алғашқы 3-6 ай. Жоғары икемділік жағдайы сенсоримотор жүйесімен тығыз байланысты және ең алдымен қозғалтқыш функциясының қалпына келуіне ықпал етеді [156]. Жүйелі 14 зерттеулер көрсеткендей қалпына келтіру уақыты ауыр гемипарезі бар науқастар үшін инсульттан кейін 15 аптадан кейін және жеңіл гемипарезі бар науқастар үшін 6,5 аптадан кейін [157].

Неврологиялық оңалтудың негізгі қағидасы-моториканы оқыту принципі. Оқытудың маңызды факторы-қайталау. Моториканы оқыту дегеніміз қозғалтқышты бейімдеу, ол биологиялық кері байланыс арқылы берілген және нақты орындалатын қимыл-қозғалыс арасындағы қателерді түзетуге негізделген. Инсульт алған науқастарда қарапайым және күрделі қозғалыс-жаттығуларды заманауи роботтандырылған кешендерді пайдаланып, сыртқы ынталандыру әсері арқылы үлкен ми шарының қыртысты қабатындағы қозғалыс нейрондарының пластикалық икемділігін арттырады [158].

Тиімділігі дәлелденген роботты құрылғыларға жатады: Mit-MANUS ARM Trainer, mirror-image motion enable (MIME) robot, Armeo дененің жоғарғы бөлігін емдеуге арналған; Erigo, Lokomat, Lokohelp, Rehabot, Gait Trainer, Lopes – механотерапия дененің төменгі бөлігіне арналған. Швейцарияда шығарылған және ең көп зерттелген роботтар кешендері бар. 2009 жылғы маусымнан бастап әлемде 240-қа жуық Lokomat роботтары бар, 2010 жылы Италияда BTS ANYMOV жүйесі пайда болды – функционалды оңалту науқастарға арналған роботты аурухана төсегі инсульт алған науқасқа толқынды, пассивті жаттығу жасауға мүмкіндік береді [159,160].

Көптеген зерттеулерге сәйкес, орталық жүйке жүйесінің зақымдалған құрылымдарының қызметтерін қалпына келтіру және компенсациялау қызметі нейрондық икемділік процесі мидың функционалды нейрондық желілерін қайта құрумен байланысты. Жаңалықтардың бірі-"интерфейс "ми-компьютер



технологиясын қолдану (ИМК), ол оңалту аспектісінде қолданатын адам бұлшықеттерінің қатысуынсыз құрылғыларды басқару [161]. Көптеген клиникалық зерттеуледе саусақтарды жазу қиялы және білезіктер экзоскелеттер зерттеліп жатыр [162,163]. Себебі білезік ми қыртысының үлкен бөлігімен байланысты, кинестетикалық қиял арқылы саусақтарды жазып бас миының сенсомоторлы бөліктерін іске қосады [164]. Нейрореабилитацияның және жаңа бағыты роботтандырылған құралдарды қолдану болып табылады. Нейрооңалтуда роботталған құралдардың артықшылықтары: 1) Науқастың қарқынды қозғалыс терапиясына көптеген медициналық персоналының қатысуын талап етпейді. 2) Осы терапияда науқас үлкен жүктемені сезбейді, сондықтан әрбір жаттығуға көп уақыт бөлуге болады. 3) Қолмен жасалатын оңалту терапиясы артық салмақ немесе спастикалық көріністері бар науқастарда қиындау болады, ал роботталған терапияны бір ғана маманнаң көмегімен орындауға болады. Автоматтандырылған жағдайлар дәрігерлерге физикалық күштемені азайтуға, науқасқа уақытты тиімді пайдаланып жаттығулар жасауға мүмкіндік береді. Мидың жадында қозғалтқыш әрекетін нығайту үшін кем дегенде 400 рет жаттығу жасау керек, оны тек роботты жүйелермен қамтамасыз етуге болады [165].

ТHERA-Trainer (Германия) – Бұл үстел-вертикализатор, инсульттан кейінгі науқастарға арналған теңгерім тренажері, науқасты вертикализациялауға және координаталық бұзылуларды түзетуге арналған. Құрылғы пациенттің ойын жаттығуларымен мотивациясын ынталандырады, науқастың қалпына келу динамикасын бақылайды. Аяқ-қолды пассивті дамытуға арналған аппараттар сериясы.. Физиологиялық тұрғыдан дұрыс жүруді қалпына келтіретін " Локомат " аппараты роботталған ортопедиялық құрылғы Носома (Швейцария) жүру қызметін қалпына келтіруге арналған электр жетегімен жабдықталған жүгіру дорожкасымен бірге комплексті түрде қолданады. " Локомат " физиологиялық дұрыс жүруді қамтамасыз ете отырып, дененің жоғалтқан қызметін еске түсіріп, ұзақ уақыт жұмыс істемеген бұлшық еттерді іске қосады." Локоматтағы " жаттығулар айқын психологиялық әсер етеді, пациенттердің емделуге жоғары мотивация береді және қауіпсіз. Роботталған құрылғылар ешбір жағдайда дәстүрлі емдік гимнастиканы алмастырмайды және оңалтудың басқа әдістерімен бірге қолданылуы тиіс [166].

Жүргізілген зерттеулердің деректері бойынша роботтандырылған аппараттарды мынадай ұсынымдар жасауға болады:

- Анамнезінде инсульт және ишемиялық инсульттан кейін 3-4 күннен кейін кез келген парез дәрежесімен қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар, тұрақты гемодинамикасы бар барлық пациенттерге роботтандырылған механотерапияны қосу қажет.

- Роботтандырылған механотерапияның 20-дан астам сеансын өткізу ұсынылады, бұл ишемиялық инсульттің жіті кезеңі ішінде пациентті мүмкіндігінше қалпына келтіру үшін қажетті көлемде оңалту іс-шараларын қамтамасыз ете алады.

-Бір сессияның ұзақтығы 25-30 минутты құрауы керек және пациенттің әлауқаты мен жағдайына және орталық және церебральды гемодинамиканың алғашқы алынған көрсеткіштеріне байланысты[167,168,169].

Оңалту орталығында роботты механотерапия 2013 жылдың маусым айынан бастап қолданылады, осы уақыт ішінде 4 жастан 14 жасқа дейінгі церебральды сал ауруы бар 107 науқас емделді. Оның ішінде спастикалық гетерапарезі бар 68 бала (63,6%), төменгі спастикалық парапарезі бар 38 бала (35,5%) және гемипарезі бар 1 бала (0,9%). 21 жағдайда (19,6%) оңалту хирургиялық емдеуден кейін жүргізілді: Курстардың ұзақтығы қозғалыс бұзылыстарының жасына және ауырлығына байланысты ұзақтығы 20-дан 45 минутқа дейін 10-нан 15-ке дейін өзгерді. Lokomat ® оң динамикасы барлық пациенттерде байқалды. 100% жағдайда аяқтардағы серпімділіктің төмендеуі байқалады (Ashwart модификацияланған шкаласына сәйкес)[170,171,172]. Көбінесе церебральды сал ауруы бар науқастарда оңалту тиімділігі жасына және танымдық жетіспеушілігіне байланысты мотивацияның төмен деңгейіне байланысты төмендейді. Балаларда lokomat ® роботтандырылған жүйедегі тренинг күшті оң психо-эмоциялық серпілісті тудырады, бұл өз бетінше жүруге деген ынтаны айтарлықтай арттырады. Lokomat ® кешенін пайдалану кезінде оңалту прогресіне қол жаттығуларымен (ЕДШ) салыстырғанда неғұрлым ұзақ қарқынды жаттығулар және қозғалыс саласы патологиясы бар балада физиологиялық жүру үлгісін жаңғырту және бекіту мүмкіндігі арқасында қол жеткізіледі. Науқастың динамикалық және стуральды тұрақтылығы тігінен жақсартады, дұрыс жүру стереотипі қалыптасды. Lokomat ® кешенін қолдану ортопедиялық-хирургиялық араласулардан кейін балаларды оңалту үдерісін жеделдетуге мүмкіндік береді [173,174].

Интерфейс- ми компьютер экзоскелеттінің тиімділігін бағалау мақсатта 47 науқасқа зерттеу жүргізді. Бақылау тобын 2 ге бөлді. Негізгі топ интерфейс ми компьютер экзоскелетін қолданды, екінші топ ИМК технологиясының имитаторы қолданды.40 минуттан 9 тренинг жасады. Екі топта стандартты оңалту шараларын емдік гимнастика , массаж алды.Нәтижесінде негізгі топта екінші топпен салыстырғанда саусақтардың шар тәрізі ұстау қызметі жақсарған [175,176].

1990 жылдан бастап 2015 жылға дейін бүкіл әлем бойынша өткізіліп келе жатқан 34 клиникалық зерттеулердің Мета-талдауы, роботтандырылған жаттығулар ADL индексі бойынша қолдың функционалдық мүмкіндіктерін жақсартатынын көрсетті. Авторлар оқшауланған роботты терапияның артықшылықтары клиникалық тұрғыдан маңызды емес деген қорытындыға келді [177].

Елімізде басқа елдермен салыстырғанда роботталған құрылғыларды қолдану дамымаған. Ғылыми зерттеу барысында роботталған құрылғылардың ауыр жағдайдағы мүгедектігі бар науқасқа оң нәтиже беретінін көрсетті, көп уақыт кеткізбей қажетті жаттығуларды жасауға мүмкіндік береді. Олардың ішінде жиі қолданылатын интерфейс ми компьютері[178-179]. Осы технология саусақтардың жазу қызметін жақсарту арқылы бас мидың сенсомоторлы

қызметін іске қосады. Роботты-технология қолдану арқылы ауруханада науқастың төсек күндерін және оңалту бөлімінде жұмыс істейтіндерді азайтуға әсерін тигізеді[180-185]. Ем курсы ерте бастап, еңбекке жарамды адамдардың санын көбейту, науқастың өмір сүруін арттыру, туыстарын пациенттерге күтім жасаудан босату және оларды еңбекке қайтару. Роботталған құрылғылар негізгі емдеудің әдісі бола алмайды, оларды қосымша емдік мақсатта қолдану керек. «Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде» дейді дана халқымыз. Профилактикалық шаралар, көп көңіл бөлу керек[186].

Қазақстанда жіті инсульт орталықтары, сондай - ақ төрт жүз жиырма артериялық гипертензия және жүректің ишемиялық ауруына арналған мектептер дамыған. Жіті инсульт кезінде шұғыл медициналық көмек көрсету реттелді, облыстық клиникалық аурухананың арнайы инсульт бөлімінде "есіктен инеге дейінгі" уақыт 45 минутты қамтиды және жіті инсульт кезіндегі барлық қажетті емдеу шаралары жүргізіледі[187,188,189]. Ұлттық Ғылыми кардиохирургиялық орталықтың (ҰҒКО) негізінде 2011 жылғы наурыздан бастап РЖА әдісімен бүйрек артерияларын жүйкесіздендіру жүргізіледі. Аталмыш оталарды жүргізген кезде инсульт, мүгедектік санының азаюы күтілуде. Артериялық гипертензия – бұл систолалық артериялық қысымның тұрақты көтерілуі  $\geq 140$  мм. сын. бағ. және / немесе диастолалық артериялық қысымының  $\geq 90$  мм. сын. бағ., аталмыш деректер емделушінің дәрігерге екі аптада екі немесе одан да көп қаралуы кезіндегі өлшеулері бойынша келтірілген[190,191].

## 1.2 Инсульттан кейінгі науқастардағы когнитивті бұзылыстардың емдік – профилактикалық шаралары

Заманауи медицинада өзекті мәселелердің бірі жүрек-қан тамыр жүйесі ауруларының өсімі болып табылады, соның ішінде ми инсультінің қарқынды өсімі. Бұл ауруға жыл сайын 50 миллионға жуық адамдар шалдығады, түрлі мемлекеттерде аурушандық бір жылда 1000 тұрғынға шаққанда 1-ден 4 жағдайға дейін ауытқиды. Сонымен бірге өлім себептері бойынша инфаркт және онкологиялық аурулардан кейін исулт 3 орынды алатыны мәлім. Одан басқа инсультты өткергеннен кейінгі мүгедектену пайызы өте жоғары: науқастардың 80% жуығы сол немесе басқа мүгедектік дәрежесіне ие, 20% толық жарамды өмірге қайта оралады.

Барлық инсульттердің арасында мидың ишемиялық зақымы едәуір басымырақ. Инсульттан кейінгі науқастардың мүгедектенуінде когнитивті бұзылыстар аса маңызды рөл алады, соңғы кезде оған көп назар бөлінуде. Бас миының қыртыс пен қыртыс асты құрылымының ошақты ишемиялық зақымы салдарынан жоғарғы ми қызметінің бұзылысы дамиды. Қыртыс асты құрылымның зақымында когнитивті бұзылыстар бас миының түрлі бөлімдері байланыстарының бұзылысы нәтижесінен дамиды. Инсультті өткергеннен кейін ошақты неврологиялық кемістікпен қатар науқастарда жоғарғы ми қызметінің бұзылыстары анықталады: ақыл, ес, ойлау, сөйлеу, эмоция. Осылайша когнитивті бұзылыстар жиірек инсульттің нәтижесінен дамиды және неврологиялық қызметтің бұзылыстарының қалпына келу қарқыны мен болжамына анағұрлым әсер етеді. Сондықтан мұндай бұзылыстарды оңалту мен диагностика ишемиялық инсультті өткерген науқастарға реабилитациялық шараларды жүргізуде маңызды рөл алады. Постинсультті науқастарды реабилитациялық емдеуде науқастардың бұзылған когнитивті қызметтерге әсер ететін дәрілік заттарды іздеу басты орын алады.

Әсер ету механизмдері түрлі комплексті препараттарды тағайындау емнің эффективтілігін жоғарлатады, сонымен қатар емнің бағасын төмендетеді. Соған байланысты постинсультті науқастарда актовегин мен цераксон препараттарын тағайындауда эффективтілігі мен мүмкіншіліктерін зерттеуге қызығушылықты көрсетеді. Актовегин препараты нейрометаболикалық типте әсер етеді. Актовегин әсерінен нерв жасушасында АТФ сияқты макроэргиялық фосфаттар алмасуы, гипоксияға церебральды құрылымдар тұрақтығы едәуір жоғарылайды, ал диффузды постишемиялық зақымның айқындылығы төмендейді. Ол айқын антигипоксиялық әсер көрсетеді, күшті тура емес антиоксидантты қасиетке, вазотропты әсер етукомпонентіне ие. Нейрометаболик пен мембранопротекторды қосарлап енгізгенде аса жоғары дәрежеде нейропротекциялық комплексті жүргізуге мүмкіндік береді. Мұндай мембранопротектор болып табылатын цераксон – ағзадағы биохимиялық үрдістегі табиғи метаболит. Ол бірегей-нүктелі мембранопротекторлы әсерімен қоса нейрометаболикалық пен нейромедиаторлы әсерлі жаңа нейропротектор ұрпағы. Цераксон әсерінен анық түрде толық сауығу мүмкіншілігі жоғарылады, функционалды жағдай мен неврологиялық статустың, когнитивті қызмет,

электроэнцефалография (ЭЭГ) көрсеткіштерінің жағымды динамикасы белгіленді. Актовегин мен цераксонның дәлелденген жоғары эффективтілігін нейротектор есебінде ескере отырып, ерекше назарды инсультты басынан өткерген когнитивті бұзылыстары бар науқастарды емдеуде оларды қосарлап қолдауда ерекше назарға лайық. Тамырлы деменцияның пайда болуының этиопатогенетикалық механизмдерін, қауіп факторларын, дәлелді медицинаның деректерін білу тамырлы деменцияны емдеу мен алдын-алудың негізгі принциптерін алыптастыруға мүмкіндік берді. Бірінші қадам-деменция диагнозын растау. Сонымен қатар, терапевтік мүмкіндіктері әлдеқайда кең болатын деменция алды жағдайларды анықтау ерекше маңызды.

Науқастардың функционалды мүмкіншіліктерді бағалау үшін Рэнкин шкаласы қолданылған. Когнитивті қызметтердің жағдайын объектілеу үшін Mini-Mental State Examination (MMSE) шкаласы қолданылды. Ерікті назарды бағалау үшін Шульте сызбанұсқасы әдістері қолданылды. Диагностикалық зерттеу үш рет жүргізілді: бірінші зерттеу (фондық) — препаратты қабылдау алдында (0-і күн), екінші — препаратты қабылдаудан 1 айдан кейін (курстың ортасы), үшінші — қабылдаудан екі айдан кейін, төртінші – 3 айдан соң. Ишемиялық инсульттің қалпына келу кезеңінде 49-дан 75 жасқа дейінгі (орташа жасы  $59 \pm 1,5$  года) 56 науқас (30 ер адам және 26 әйел) тексерілген. Қатаң афатиялық бұзылыстары мен айқын мүгедектігі бар науқастар зерттеуге алынбаған. Науқастар актовегин 600 мг/тәу (1 таблеткадан күніне 3 рет), цераксон 1000 мг (10 мл) күніне 1 рет 3 ай бойы қабылдады. Препараттардың эффективтілігі, төзе алушылығы мен қауіпсіздігі ем басталғаннан 1, 2 және 3 айдан кейін бағаланды.

Науқастардың басым көпшілігі жағдайының науқастарда тұспалдау қызметі (емге дейін 7,3 балл жақсаруын, біршама ой еңбегі қабілетінің дәрежесінің және емнен кейін 8,2 балл,  $p \leq 0,05$ ) мен вербальды жоғарлауын, назар салудың жақсаруын, жалпы ес (2,1 және 2,6 балл) қызметінің жақсаруы белсенділіктің жоғарылауын белгіледі, 2 айдан соң бақыланған. Емнен 2 айдан кейін бағаланатын емнен кейінгі жалпы белсенділіктің жоғарылауы, барлық когнитивті қызметтің жақсаруы бақыланды, есте сақтаудың, назардың жақсаруы бақыланды. Нақты түрде науқастардың жалпы когнитивті өнімі Актовегин және цераксонмен терапия жолында жоғарылады (22,3 балл,  $p \leq 0,05$ ).

Маңызды қызметтің науқастарда когнитивті қызметтердің көрсеткіште вербальды ес (3,1 балл), тұспалдау (8,3 балл), динамикасы көрсеткен: тексерілген перцептивті-гностикалық әрекеттердің (7,0 балл) науқастардың барлығында нақты когнитивті жақсару байқалды.

Ишемиялық инсультты бұзылыстар бақыланды, ол клиникалық маңызды өткерген науқастарда актовегин және цераксонмен когнитивті қызметтің төмендеуіне жеткен, ал 32 % жүргізілген емінде ерікті назар қызметінің науқастарда деменция дәрежесі көрсетілген.

Тамырлы деменцияны емдеу принциптері :

1) этиопатогенетикалық;

- 2) когнитивтік функцияларды жақсартуға арналған препараттар;
- 3) симптоматикалық ем;
- 4) профилактикалық.

Тамырлы деменцияны емдеу табиғатта сараланған, бұл патологиялық процестің гетерогенділігімен анықталады. Этиопатогенетикалық механизмдердің көптігіне байланысты науқастардың осы санатын емдеудің бірыңғай және стандартталған әдісі жоқ. Тамырлы деменцияны емдеу деменция дамиды деп негізгі ауруға және қауіп факторларын түзетуге бағытталған шараларды қамтуы керек. Артериялық гипертензияның негізгі қауіп факторы екенін ескере отырып, оны қалыпқа келтіру маңызды рөл атқарады, өйткені тиісті гипертензияға қарсы терапия кез-келген этиологиядағы деменцияның даму қаупінің едәуір төмендеуімен бірге жүреді. Ми қан айналымының жедел бұзылыстары бар науқастарда тамырлы деменция жиі дамиды екенін ескере отырып, бұл науқастарда оңтайлы қан қысымы 120/80 мм рт.ст.- 140/90 мм. рт.ст аралығында ұстау керек. Дәлелді медицина деректерін ескере отырып, диуретиктермен бірге АПФ тежегіштерін (периндоприл, лизиноприл және т.б.) тағайындау ұсынылады.

Кальций антагонистері мен АТ II рецепторларының антагонистері АҚ төмендеуінен басқа, деменцияның профилактикасын қоса алғанда, дербес нейропротекторлық әсерге ие. Ми қан айналымының және басқа да жүрек-қан тамырлары асқынуларының (миокард инфарктісі және т. б.) қайталануының алдын алу үшін тамырлы деменцияның дамуы мен өршуіне антиромбоциттік препараттарды қабылдау ұсынылады. Қазіргі уақытта бірінші қатардағы препараттар: ацетилсалицил қышқылы (АСҚ) — тәулігіне 1 рет 50-325 мг, немесе клопидогрель — тәулігіне 1 рет 75 мг, немесе АСҚ комбинациясы — тәулігіне 2 рет 25 мг және дипиридамолдың ұзартылған түрі — тәулігіне 2 рет 200 мг. АСҚ жақпаушылығы немесе тиімсіздігі кезінде тәулігіне 75мг клопидогрельді қабылдау ұсынылады. Тамырлы деменцияның дамуының жиі себебі жүрек ауруларынан туындаған церебральды инфаркт (ең алдымен атриальды фибрилляция) болғандықтан, халықаралық қалыпқа келтіру қатынасын (МНО бақылау арқылы ауызша антикоагулянттарды қолдану ұсынылады. 70% - дан астам каротид артерияларының стенозы бар науқастарға, сондай-ақ эмболия көзі болып табылатын атеросклеротикалық табақшаларға хирургиялық емдеу көрсетіледі (каротидті эндартерэктомия, ангиопластика). Гиперхолестеринемиясы бар науқастарға статиндерді тағайындау ұсынылады.

Когнитивті бұзылыстардың алдын-алу және емдеудің дәрілік емес әдістеріне диета, дене жаттығулары, когнитивті тренинг (КТ), оның ішінде когнитивті ынталандыру, психологиялық және мінез-құлықтық түзету әдістері(ұйқыны қалыпқа келтіруге ерекше назар аударылады, рухани тәжірибе, арт-терапия, музыкалық терапия), психотерапиялық тәсілдер, медитация және йога. Қазіргі уақытта КТ-ның екі түрі бар: компенсаторлық және қалпына келтіру. Компенсаторлық КТ жүргізу кезінде пациент сақталған когнитивті қызмет арқылы берілген жаттығуларды жаңа стратегияларымен шешуді оқытады. Әр түрлі стратегия қолданылады мысалы, ақпаратты

визуализациялау, санаттарға бөлу, сыртқы кеңестерді қолдану. Қалпына келтіру КТ кезінде зақымдалған когнитивтік функцияларды жақсартуға бағытталған. КТ бастау алдында когнитивтік функциялардың жетекші бұзылыстарын анықтау және олардың ауырлығын анықтау үшін науқасты егжей-тегжейлі неврологиялық және нейропсихологиялық тексеруден өткізуі керек. Тренинг бағдарламасы пациентке жеке таңдалады (КТ таңдау кезінде екі тәсілді біріктіруге болады - компенсаторлық және қалпына келтіру). Тренинг науқастармен мен туыстарына ыңғайлы уақытта, аптасына 3-5 рет 20-35 минуттан. Аптасына жаттығулардың саны көбейтілсе тиімділігінің төмендеуіне алып келеді.

Зейінді дамытуға арналған когнитивті тренингтер.

"Фотографтар» Жүргізуші қатысушыларға бірнеше секунд ішінде ерекше затты, мысалы, сәндік вазаны көрсетеді. Содан кейін зат алынып тасталады, ал қатысушылардан сол вазаның бейнесін егжей-тегжейлі бейнелейді, ауызша немесе жазбаша сипаттау қажет. Жаттығу сонымен қатар визуалды есте сақтауды дамытады.

«Санауыштар» Қатысушылар шеңбер бойынша 1-ден белгілі бір санға дейін, мысалы, 21-ге дейін, берілген критерийлерге сәйкес келетін сандарға тоқтап, қалдықсыз 2 немесе 3-ке бөлінуі керек сол санды оларды дауыстап айтады.

"Бағынбаймын" Қатысушылар кезек-кезек 1-ден 21-ге дейін дауыстап санайды, егер біреу 2 саны бар сан түсіп кетсе, онда ол санның орнына «бағынбаймын" деп айтады және реттік санау қайта басталады.

«Оқу» Қатысушыларға әрқайсысының мүдделерін ескере отырып, журнал немесе газет жазбаларының қиындылары таратылады: мысалы, қарт қатысушыға ескі фильмдер туралы, жастарға қазіргі заманғы технологиялар туралы мақала ұсынуға болады. Материалды мұқият оқып, алдын-ала келісілген жағдайға сәйкес келетін сөздерді, мысалы, екі немесе үш "А" әрпін алып тастау қажет.

Тапсырманың соңында күтпеген жерден оқылғанның мағынасын қайталауды сұрайды. Бұл нақты мақсатты қабылдауға қаншалықты әсер ететінін бағалауға мүмкіндік береді. Клиникалық практиканың кейбір жағдайларында пациенттер оқығандарын есіне түсірмейді деп шағымданады. Мүмкін, мұның себептерінің бірі ішкі мотивацияда жатыр, бұл кезде оқу тек тілдік белгілердің (сөздердің) жиынтығын қарау процесі ретінде ұйымдастырылады.

«Бақылаушылық» Жүргізуші қатысушылардан көздерін жұмып отыруды сұрайды және әрқайсысына сұрақ қояды, оған жауап басқаларды қабылдау процесінде ұсақ бөлшектерді байқау мүмкіндігінің болуын болжайды. Айталық, бір немесе басқа қатысушылар не киеді, немесе қатысқандардың қайсысы көзілдірік киген, сырғалар таққан, қысқа шаштары бар және т. б. Жаттығу визуалды есте сақтауды дамытады.

«Ми қоймалары» Жаттығу проблеманы шешуге назар аударуды үйретеді. Көзді жұмып, сыртқы ынталандыруларға аландамай, алдымен кешке не істеу

керектігі туралы бірнеше минут ойлану керек, содан кейін жақында оқылған әдеби сюжет (немесе жаңалық естіген) және соңында жағымды жеке оқиғаны еске түсіру керек.

«Сөз өрісі» Әр кестеге жолдар мен бағандарға біріктірілген әріптер жиынтығынан таратады, олардың арасында сөздерді оқуға болады (мұндай кестелерді қалағаныңызша жасау қиын емес). Сөйлем бөлігі-зат есіммен шектелген бұл сөздерді табу керек.

Жаттығу ауызша есте сақтауды дамытуға ықпал етеді. ▼

Ответы: ток, лот, раб, ом, слон, лоно, сок, тара, ар, нота, таз, ара, лось, ось, омлет, лето, трос, роса, оса, нора, ор, бок, ока.

л	о	т	о	к
о	м	р	а	б
с	л	о	н	о
ь	е	с	о	к
е	т	а	р	а
н	о	т	а	з

- когнитивті тренинг жеңіл прогрессивті емес немесе баяу дамып келе жатқан когнитивті бұзылуларға арналған және есте сақтау қабілетінің тез өрістеуінде тиімсіз;

- когнитивті тренинг дәрілік терапияны алмастырмайды; когнитивті тренинг және ноотропты препараттар бірге қолдану жақсы нәтиже береді;

- танымдық тренингтің мақсаты-танымдық механизмдердің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін оның стратегияларын оқытумен пациенттің бейімсіздігін азайту;

- танымдық тренингтің жетістігі көбінесе пациенттің қызығушылығына және туыстары мен достарының қолдауы мен көмегіне байланысты.

Клиникалық, неврологиялық және нейропсихологиялық аспектілерді де, қосымша зерттеу деректерін де ескере отырып тамырлы деменция диагнозы қойылады. Аурудың тарихын бағалау маңызды рөл атқарады, бұл оның цереброваскулярлық патологияның қауіп факторлары аурудың ағымын, когнитивті бұзылыстарды анықтауға мүмкіндік береді. Деменцияны емдеуде негізгі препараттар тобы антихолинэстеразды препараттар және NMDA-рецепторлар глутаматының антогонисті. Когнитивті қызмет бұзылысы кезінде ацетилхолинэстеразының ингибиторын қолдану орталық холинергиялық дегенерацияның холинергиялық құрылымының жетіспеушілік теориясына байланысты. Тамырлы деменцияның емінде ең тиімді препараттар донепезил және галантамин. NMDA-рецепторлар глутаматының антогонисті (Актинол, Мемантин) препараттары есте сақтау қызметін жақсартады және маңдай бөлігінің қызметіне жақсы әсер береді. Осы Актинол, Мемантин препараттарының фармакотерапиялық тобы патологиялық қозған NMDA-рецепторларын тура селективті түрде , тежеп апоптоз некроз процессін



баяулату арқылы эксайтоксикалық феноменін азайтады. G.Rammes және басқа авторлар зерттеулер нәтижесінде Мемантин препаратында 5- НТЗ серотонин рецепторлар антогонистің қасиетін анықтаған сондықтан Актинол, Мемантин препаратын антихолинэстераз тобының дәрілерімен бірге тағайындаса асқазан ішек жолдар қызметінің жанама әсерлерін азайтады. Мемантиннің әсер ету қызметі глутаматергиялық паттерннің миға берілу қызметін қалпына келтіреді. Әр түрлі этиологиялық деменцияда глутаматергиялық жүйе күшейеді. Ишемиялық каскада деп аталатын маңызды буын глутаматтың жоғарлауы жиі бас миының ишемиялық зақымдауында көрініс береді. Орташа және айқын деменцияда мемантинді қолданудың тиімділігі мен қауіпсіздігі бірнеше рандомизацияланған қос соқыр плацебо - бақыланатын зерттеулерде көрсетілген. Мемантин АҚШ-тың 32 орталығында орташа немесе айқын деменциясы бар 181 пациентте плацебомен салыстырып зерттеген.

Оны тәулігіне 2 рет 10 мг 28 апта ішінде қолдану, ауыр деменцияны бағалайтын шкаласы бойынша (Severe Impairment Battery - SIB) және Жалпы клиникалық әсер нәтижелері (Clinical 's Interview-Based Impression of Change plus Caregiver Input – CIBIC-Plus) шкалалар бойынша жақсарулар болған. Препараттың оң әсері аз уақытта көрініс берді. Тамырлы когнитивті қызметтің емінде пирацетам, ницерголин, цитоколин, пентоксифиллин, гинкго билоба препараттарының тиімділігі дәлелденген. Ницерголин жартылай синтетикалық эрголин алкалоидының туындысы. Препарат 50-ден астам елде тіркелген және жоғары деңгейде қолданылады. Егде жастағы науқастарда танымдық, аффективті және мінез-құлық бұзылыстарын емдеуге 30 жылдан бері қолданып келеді. Ницерголин мидың қан ағымын жақсартатын, холинергиялық, норадренергиялық және дофаминергиялық нейротрансмиссиялық, бас миындағы оттегі мен глюкоза метаболизмін жақсартатын альфа<sub>1</sub>-адренорецепторлардың күшті селективті антагонисті болып табылады. Ми антиоксидантты және нейропротекторлық әсермен, сондай-ақ антиагрегантты белсенділікпен сипатталады.

Препарат клеткашілік трансформация қызметің атқаратын β фактормен глиальді нейротрофикалық фактордың деңгейін жоғарлатып, астроциттердегі β-амилоидинің токсикалық әсерінен нейронды қорғайды. Кохран шолудың қорытындысы бойынша ницерголин цереброваскулярлық ауру салдарынан туындаған когнитивті қызмет, мінез-құлық, танымдық қызмет бұзылыстары бар егде жастағы пациенттерде, клиникалық оң әсер етеді.

Жеңіл тамырлы когнитивті қызмет бұзылысында профилактикалық шаралар; өмір сүру сапасына, қауіп факторларын қадағалау, қосалқы ауруларын емдеуге, инсульт профилактикасына байланысты. Біріншілік профилактика зиянды әдеттерден бас тарту, дене массасын, Артериальды қан қысымын қадағалау, углевод алмасу бұзылысын коррекциялау, гиперхолестеринемия, теңіз өнімдерін, В12 витаминіне бай өнімдерін, омега-3 май қышқылын қолдану. Сонымен бірге физикалық белсенділік, ЖИА, созылмалы бүйрек аурулары, жүрекшелік фибрилляция және СЖЖ емі мен профилактикасы. Деменциямен ауыратын науқастардың туыстары тарапынан көмек және қолдау

көрсету өте маңызды. Пациенттердің туыстары мен қамқоршылары мүмкіндігінше аурудың даму ерекшеліктерін, дәрілік және дәрілік емес коррекцияларды мүмкіндігінше түсіне білу керек. Психологиялық қолдаусыз деменциямен ауыратын науқастарды толық емдеу мүмкін емес[192-194].


## 2-тарау. Зерттеу әдістері

## 2-тарау. Зерттеу әдістері

Инсульттан кейін науқастарда 65% -ында резидуалды кезеңде сезімталдық пен қозғалыс бұзылысы сақталады. Науқастардың 25% - ында жеңіл дәрежелі мүгедектік, 40% да орташа немесе ауыр дәрежесі мүгедектік көрініс береді. Инсульттан кейін әртүрлі неврологиялық бұзылыстар пайда болуы мүмкін, мысалы, гемипарез, афазия, аффективті бұзылулар мен танымдық жетіспеушілік, созылмалы ауырсыну және депрессия. Инсульт алған пациенттерді қалпына келтіру терапиясының негізі: мультидисциплинарлық оңалту, алдын-алу және асқынулармен күресу, дәрі-дәрмекті ем қайталама ОНМК-ның алдын алу үшін, дұрыс өзіне-өзі қызмет көрсету және қалпына келтіру болып табылады. Қазіргі уақытта ақыл-ес кемшілігі қарттар мен қартайған адамдар санының көбеюіне байланысты қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады, олардың арасында деменцияның таралуы әсіресе жоғары және айтарлықтай өсуге бейім.

**Зерттеу нысаны** Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің Клиника-диагностикалық орталығындағы науқастармен Шымкент қаласының №1 Қалалық клиникалық ауруханасында G45.8, I 60.1, I61.0, I63.0, I63.3, I 63.4 диагноздарымен 255 пациенттің сырқаттамасына талқылама жасалынып, инсульт алған 100 науқас MMSE шкаласы бойынша және 155 науқас Монреаль когнитивті шкаласы (MoCA) бойынша бағаланды. 255 науқас ауру және емдеу типі АХЖ-10 шифріне сәйкес қойылды.

**Зерттеу әдістері.** Есептеулердің нәтижелері зерттелетін кезеңдегі орташа деңгейлердің орташа арифметикалық көрсеткіштері және сызықтық регрессияның (B) 95% сенімді аралықпен (СИ) стандартты емес коэффициенттері ретінде сипатталды, әр регрессия коэффициенті үшін статистикалық маңыздылықтың (p) есептік деңгейінің мәндері тіркелді. Түркістан облысының бірдей әкімшілік-аумақтық бірлігі бірнеше рет салыстыруға қатыспады, көптеген салыстыру жүргізілмеді, сондықтан статистикалық маңыздылықты түзету деңгейі талап етілмеді.



Сурет 1 - Зерттеу дизайны

Жедел цереброваскулярлық науқастарға (өтпелі церебральды ишемиялық шабуылдар (шабуылдар) және онымен байланысты синдромдар, ми инфарктысы, субарахноидалды қан кету, ми ішілік қан кету, мидың қан тамырлары синдромы ретінде көрсетілмеген инсульт, ми қан тамырлары синдромы, аурулар) стационарлық көмек көрсететін облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының денсаулық сақтаудың республикалық және көпсалалы ұйымдарының, 250 мың тұрғынға шаққандағы 30 төсек есебінен халықтың санын ескере отырып, алғашқы және аймақтық инсульт орталықтары құрылады. Шымкентте халық саны 01.01.2020 жылғы жағдай бойынша 1 060 015-ті құрады, бұл 250 мың тұрғынға шаққандағы 30 төсек есебінен 4 инсульт орталығына сәйкес келеді. 2018 жылы ЖКС-мен 1843 науқас қабылданды. ЖКС нәтижелері: миокард инфарктісі 1059 - 57,4%, тұрақсыз стенокардия 663 - 36% құрады.

## 2.0 Зерттеу нәтижелері және талқылау

### 2.1 Инсульттан кейінгі науқастарда когнитивті бұзылыстардың кездесуін Моса, шкаласы бойынша баға беру

Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің Клиника-диагностикалық орталығындағы науқастармен Шымкент қаласының №1 Қалалық клиникалық ауруханасында G45.8, I63.0, I63.3, I 63.4 I61.0, I 60.1. диагноздарымен 255 паценттің сырқаттамасына талқылама жасалынып, инсульт алған 100 науқас MMSE шкаласы бойынша және 155 науқас Монреаль когнитивті шкаласы (MoCA) бойынша бағаланды. (Кесте 1).

Кесте 1. ХАЖ -10 бойынша G45.8, I63.0, I63.3, I 63.4 I61.0, I 60.1. кодтардың атауы.

№	Диагноз атауы	АХЖ-коды
1	Прецеребральды артериалардың тромбозы тудырған ми инфаркты	I63.0
2	Ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаркты	I63.3
3	Ми артерияларының эмболиясы тудырған ми инфаркты	I63.4
4	Басқада транзиторлы церебральды ишемиялық шабуылдар және олармен байланысты синдромдар	G45.8
5	Ми ішілік қан құюлу	I61.0
6	Субарохноидальді қан кету	I60

Осы топты, диспансерлік есепте бақылауда тұратын 255 науқас құрады, ауру және емдеу типі АХЖ-10 шифріне сәйкес қойылды. Жынысы бойынша бөлу 2-кестеде көрсетілген.


## Кесте 2. Науқастарды жынысы бойынша бөлу

Жынысы	Абс. саны	Пайыздар
Ер	138	54,2
Әйел	117	45,8
Барлығы	255	100,0

2-кестедекөрсетілгендей, ишемиялық инсульт ерлерде жиі кездеседі (54,2%), ол халықаралық әдеби шолу барысында көрсетілгендей, әдеби шолу деректеріне сәйкес келеді.

Пациенттерді жас шамасы бойынша бөлу 1 суретке сәйкес көрсетілген. 2суретке сәйкес, ауру кездесушілігінің көбі 61-70 жас шамасының кезеңіне түседі, ол әдеби деректерге қайшы келмейді. Осы салыстыру тобынан ең аз көрсеткіш 2 жас шамасында кездесті, олар: жастық шақ (20-40 жас) және 81 жастан жоғары кезең.

Көрсетілген байланыс жас кезінде қауіп факторының аз болуына және үлкен жас тобындағы пациенттер санының аз болуына негізделеді, оны біз жас шамасы және қауіп факторлары арасындағы түйіндескен байланыстың болуына қатысты қарастырдық. Жас топтарына бөлу барысында инсульттың түрлі жағдайлары көбіне 61-70 жас шамасында (37%) және ер адамдар арасында жиі кездесетіндігі байқалды. Сондай ақ 51-60 жас аралығындағы инсульт байқалған оның көрсеткіші (21%) құрады. 71-80 жас аралығында инсульт жағдайларының көрсеткіші - 18% құраса, 41-50 жас аралығында - 17% құрап аса айырмашылық байқалмады. 20-40 жас аралығында инсульт жағдайының тіркелуі - 4% құрап отыр. Ерте жағдайда инсульттың кездесуі жастардың арасында стресстік жағдайлармен байланысты. 81 жастан жоғары жас топтарының арасында инсульттің кездесуі 3% құрады (Сурет 5).



Сурет 2. Пациенттерді жас шамасы бойынша бөлу

Науқастарда деменцияның алғашқы белгілерін анықтау үшін нейропсихологиялық тестілеу Монреаль когнитивті шкаласы (MoCA, от англ. Montreal Cognitive Assessment) мен психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE - Mini Mental State Examination) көмегімен баға берілді.


Когнитивті бұзылыстарды бағалау деңгейі: Монреаль когнитивті шкаласы 30 пунктен тұратын 10 минутта орындалып, бағалайтын шкала. Бұл шкала бойынша бағалану көрсеткіштері:

- ✓ қысқа мерзімді есте сақтау және еске түсіру (5 ұпай) бес зат есімді жаттауға және оларды 5 минуттан кейін еске түсіруге арналған екі тесті бар.
- ✓ теру суретін (3 ұпай) және көлемді кубтың көшірмесін (1 ұпай) салу тапсырмасын қолдана отырып, кеңістіктік визуалды қабілеттер.
- ✓ атқарушылық функцияның бірнеше аспектілері сызық сызу тапсырмасының В бөлігінен алынған нүктелік нөмірлер (1 ұпай), фонематикалық еркін сөйлеу тапсырмасы (1 ұпай) және екі объектіге ауызша абстракциялау арқылы өзгертілген тапсырмамен бағаланады.
- ✓ зейін, шоғырлану және жұмыс жады зейінді қолдау тапсырмасы (1 басу арқылы мақсатты табу), дәйекті азайту (3 ұпай), алға және артқа сандар (1 ұпай) арқылы бағаланады.
- ✓ лингвистикалық функциялар бейтаныс жануарлардың суреттерін (арыстан, түйе сияқт 3 ұпай) атау, синтаксистік жағынан күрделі екі сөйлемді қайталау (2 ұпай) және аталған еркін сөйлеу тапсырмасы арқылы бағаланады.
- ✓ дерексіз ойлау ұқсастықты сипаттайтын тапсырма арқылы бағаланады (2 ұпай)


- ✓ уақыт пен кеңістіктегі бағдар тестінің күні мен орны туралы сұрау арқылы бағаланады (6 балл)

G45.8, I63.0, I63.3, I63.4 I61.0 , I60. диагноздарымен тіркелген 255 науқастың Монреаль когнитивті шкаласы (MoCA) әр көрсеткіші есептеу барысында. Көрнекті конструктивті атқарушы дағдылар, атаулар, назар, сөйлеу қабілеті, абстракция, кейінге қалдырылған сөздер және бағдар бойынша бағаланды. Көрсетіліп отырған диагноздардың ішінде орта балы ең төмені абстракция қабілеті бойынша байқалды. Абстракция қабілеті әсіресе көп науқаста I60 диагнозында 1 орта балмен есептелді. I61.0 диагнозында 1,3 орта балл жинады. Бұл дегеніміз- инсульттан кейін көп науқаста абстракция төмендейді, яғни науқас ақпаратты жеткілікті түрде есте сақтайды, бірақ егер оны жаттауға байланысты емес басқа тапсырма алаңдатып алса, ол сөздерді немесе визуалды заттарды толық көлемде түсіндіре алмайды немесе айта алмайды. Басқа диагноздар бойынша G45.8, I63.0, I63.3, I63.4 бұл көрсеткіш 1,8 балды құрады. Назардың MoCA бойынша 3 балмен анықталса ең төменгі I60 сырқатында орта балл -1,4 құрап отыр. Есте сақтау қабілеті бойынша ең төмен I60 диагнозында 4 балл жинады, жалпы 5 балдан 4,7 балды қалған G45.8, I63.0, I63.3, I63.4 I61.0 диагноздар бойынша жинады. Жиі есте сақтау қабілетінің нашарлауы инсульттан кейін пайда болуы мүмкін. Бастапқы кезеңде (инсульттан кейін бірден) жалпы аурудың бұзылуы алдыңғы аурудың уақыт аралығы туралы естеліктердің толық жоғалуы түрінде байқалуы мүмкін. Сирек жағдайларда (кең инсультпен) пациенттер тіпті жақын адамдарды және басқа да белгілі түсініктерді тани алмайтын кезде жалпы өтпелі амнезияны байқауға болады. (Сурет 3).






Сурет 3. Монреаль когнитивті шкаласы бойынша ХАЖ-10 сырқаттарның бағалануы



Сурет 4. Жыныстық ерекшеліктер бойынша МоСА когнитивті шкаласымен баға беру

Көрнекті конструктивті атқарушы дағдылар, атаулар, назар, сөйлеу қабілеті, абстракция, кейінге қалдырылған сөздер және бағдар бойынша абстракция әйел адамдарда, ерлерге қарағанда 0,6 балға төмен кездеседі. Ең үлкен айырмашылық бағдар (яғни инсульттан кейін уақытты, мерзімді айта айту) арасында 0,7 балға әйел адамдарда төмен екендігін көрсетті. Сөйлеу қабілеті ер адамдарда, әйелдерге қарағанда төмен екендігін көрсетті (0,5 балл). Көрнекті конструктивті атқарушы дағдылар МоСА когнитивті шкаласы бойынша ең жоғары 5 балмен белгіленсе, ерлерде бұл көрсеткіш -3,9 балды құраса, әйел адамдарда бұл көрсеткіш -3,6 балды құрағандығын көрсетті. Зерттеу барысында заттардың атауларын ер адамдарға инсульттан кейін атау қиындық тудырып, бұл көрсеткіш бойынша орта балл -3,0 болып әйел адамдарға қарағанда ерлерде 0,1 балға төмен екендігі байқалды. Кейінге қалдырылған сөздер арасында да айырмашылықтар орын алды, айта кететін болсақ бұл көрсеткіш әйел адамдар арасында -3,7 балды құраса, ерлер арасында бұл көрсеткіш -4,3 балды құрады. Бұл дағдыда МоСА когнитивті шкаласы бойынша ең жоғары балл-5 құрайды (Сурет 4).





Сурет 6. Жыныстық ерекшеліктер бойынша MoCA когнитивті шкаласынан жинаған орта балл.

MoCA когнитивті шкаласы бойынша қалыпты жағдайда орта балл – 26-30 балдың арасында жинаса науқаста когнитивті ақаулар жоқ екендігін білдіреді. Біздің зерттеуімізде жастық ерекшеліктері бойынша әйел адамдардың орта балы  $21,1 \pm 2$  құраса, ерлер арасында бұл көрсеткіш  $23,1 \pm 2$  құрап отыр. Орта балл ерлерде арасында, әйелдерге қарағанда 2 балға жоғары көрсеткішке ие болып отыр. Әдеби шолуда көрсеткендей әйелдер арасында инсульттан кейінгі қалпына келу үрдісі ерлерге қарағанда ұзақ жүреді. Ерлердің арасында инсульт алу жағдайлары 40 жастан басталса, әйелдер арасында 60-65 жастан басталады. Ер адамдарда инсульттың алғашқы белгіреін анықтау жеңілдеу, әйел адамдарға қарағанда. Инсульттан кейінгі деменцияның дамуы көбіне қосымша аурулардың болуы және де эмоциональдық күйзелістің күшейуі де себеп болып табылады. Жастың ұлғаюы да деменцияның күшеюіне алып келеді. Инсульт жағдайының өршуіне алып келетін қауіп факторлар артериялық гипертензия, зиянды әрекеттер, артық салмақ, ішімдік, стресстік жағдайлар, қант диабеті мен жүрек қантамыр жүйесінің ауруларын жатқызуға болады (Сурет 5).

### 3.3 Инсульттан кейінгі науқастарда когнитивті бұзылыстардың ерте белгілерін MMSE шкаласы бойынша анықтау

MMSE -бұл шағын психикалық тест. Аударғанда бұл «адамның психикалық жағдайын қысқаша бағалау» дегенді білдіреді. Шкала бірнеше блоктарға бөлінген 30 баллдан тұрады. Олардың әрқайсысы мидың жеке қызметін анықтау үшін қажет. Сонымен, бағаланады:

- ✓ егде жастағы адам өз орнына және уақытына қалай бағытталады;
- ✓ оның зейіні қаншалықты зардап шегеді;
- ✓ ол қаншалықты жақсы зейін қоя алады;
- ✓ ол жаңа материалды қаншалықты жақсы есте сақтайды, назар аударғаннан кейін оны оңай есте сақтайды;
- ✓ санау қабілетінің жағдайы;
- ✓ беттерді және заттарды тану мүмкіндігі;
- ✓ күнделікті тұрмыстық заттарды қолдана білу жағдайы;
- ✓ оның жадының күйі - ұзақ және қысқа мерзімді;
- ✓ сөйлеу жағдайы - ауызша және жазбаша;
- ✓ адамның абстракты ойлауы.

Әр дұрыс жауап немесе әрекет үшін 1 ұпай беріледі. Сондықтан, егер адамның ойлау қабілеті жақсы болса, ол 28-30 ұпай жинайды (7 сурет).

Зерттеуде психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) бойынша уақыт бағдарын, орын бағдарын, қабылдау, зейіннің шоғырлануы және санау, жады, сөйлеу қабілеті, 3 этапты команданы орындау, оқу және сурет сызу сияқты дағдылары бойынша 100 науқасты G45.8, I63.0, I63.3, I63.4, I61.0, I60.1 диагноздары бойынша анықтадық.

Инсульттан кейінгі ең төмен дағды сурет сызу оның Милық ортаңғы артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу (I60.0) 0,1 балмен (ең жоғары балл 1) кездескен, дәл осы диагноз бойынша уақыт бағдары басқа диагноздарға қарағанда ( I60.0=4,1 орта балды) кұрады. Орын бағдары бойынша I63.3-4,1 балмен төмен 0,9 балға төмендеп отырғандығын байқалады. Орын бағдары бойынша ең жоғары көрсеткіш I63.0 -4,4балға тең болғаны байқалады. G45.8, I 60.1 диагноздары бойынша орын бағдар қызметінен жалпы 5 балдан 4,3 балмен төмен 0,7 балға төмендеп отырғандығын байқалады.

Қабылдау дағдысы бойынша I63.0, G45.8, I63.4 диагноздары бойынша 2,8 (нормада 3 балл) 0,2 балға аз. I63.3- Ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаркты диагнозы бойынша 2,2 балментөмен 0,8 балға төмендеп отырғандығын байқалады. Қабылдау дағдысында ең төмен 2 бал көрсеткішпен I61.0-ми ішілік қан құюлу диагнозы бойынша жинады.

Зейіннің шоғырлануы және санау бойынша қалыпты жағдайда 5 балл болса, Ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаргі (I63.4) сырқатында

1 балл айырмашылықпен орташа 4 балға тең екендігін көрсетті, яғни осы диагноздан кейін зейіннің шоғырлануы және санау жоғалту жағдайлары жиі кездеседі. Зейіннің шоғырлануы және санау дағдысы бойынша ең жоғары көрсеткіш – орта балмен 4,5 болып I63.3 сәйкес келіп тұр.

Жады (память) қалыпты жағдайда шкала бойынша 3 балға тең. Есте сақтау қабілеті басын бес зат есімнен туран сөзді айтады, бес сөзді соғында қайталануын сұрайды. Бұл жерде қатты айырмашылық 1,3 балмен Субарохноидальды қан қету диагнозында кездескен. I63.3 диагнозында науқастарда жадының айтарықтай төмендейтінін байқауға болады.


Сөйлеу қабілетіне келетін болсақ бұл шкалада аса сөйлеу қабілетінде өзгерістер болмайды тек ғана I63.3, I60.0, диагноздары бойынша 0,9 балл өзгерісімен 2,1 орта балына сәйкес келеді.

Қабілеттердің ішінде барлық диагноздар бойынша төмендеу болған ол 3 этапты команданы орындау болып табылады. 3 этапты тапсырманы орындауда қалыпты жағдайда 3 балл болса, I63.3, I61.0, I60.0 диагноздары бойынша бұл көрсеткіш орта шамамен 1,1 балды құрап отыр (1,9 балл айырмашылықпен). Оқу қабілеті бойынша I61.0 сырқатында басқа диагноздармен салыстырғанда ең төменгі балды көрсетіп отыр, ол-1,1 орта балға сәйкес. (Сурет 8).

## ШКАЛА КРАТКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ ПСИХИЧЕСКОГО СТАТУСА – MMSE (M.FOLSTEIN, 1975)


Субтесты	Процедура	Оценка
Ориентация	Во времени (год, время года, месяц, дату и день недели)	5
	В пространстве (название страны, региона, города, учреждения, этажа или номера комнаты)	5
Запоминание	Повторить название трех предметов	3
Внимание и счет	Отнимать от 100 по 7	5
	Произнести слово «шторм» наоборот	
Воспроизведение	Повторить название трех предметов	3
Речь	Назвать карандаш и наручные часы	2
	Повторить «никаких нет и или если»	1
	Выполнить по команде трехэтапное действие	3
	Прочесть и выполнить: «Закройте глаза»	1
	Написать законченное предложение	1
Конструктивный праксис	Перерисовать два пересекающихся пятиугольника	1
Сумма		30

Сурет 7. Психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE).




Сурет 8. Инсульттан кейінгі психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE )бойынша бағалау.





Сурет 9. Жыныстық ерекшеліктеріне байланысты психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) бойынша орта балы.


Жыныстық ерекшеліктеріне байланысты психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) бойынша ер адамдардың барлық қабілеттер бойынша, әйелдерден қарағанда  $\pm 0,2$  балмен ерекшеленіп отырады. Бұл жерде де ер адамдардың, әйелдерге қарағанда исулыттан кейінгі қалпына келуі тез қалыптасады (Сурет 9).



Сурет 10. Жастық ерекшеліктеріне байланысты психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) бойынша бағалануы

## 2.2 Инсульттан кейінгі науқастарда деменцияның жиілігін және динамикасын бағалау


Психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) бойынша 24-27 баллдық көрсеткіш деменцияның басталуын көрсетеді. Бұл жағдайда адамның күн режиміне жаттығулар, арт-терапия, дұрыс диета және ноотропты дәрілік заттарды енгізу арқылы ақыл-ессіздікті болдырмауға болады. 19-23 балл - жеңіл деменция. Ноотропиктер, жаттығулар, серуендеу және диета бұл жерде де жақсы нәтиже береді. Бұл Альцгеймер ауруы болса да, оны осы кезеңде анықтау оның прогрессиясын едәуір баяулатуы мүмкін. 11-18 баллдық көрсеткіш - орташа деменция, оны емдеу қиынға түседі. Осыған қарамастан, режимді сақтау және қажетті дәрі-дәрмектерді қабылдау аурудың дамуын баяулатады мүмкін. 0-10 балл - ауыр деменция. Көбінесе, адамның психикалық функцияларының күйін түбегейлі өзгерту қазірдің өзінде мүмкін емес. Дегенмен, оның денесін жеткілікті мөлшерде оттегімен және қоректік заттармен қамтамасыз ету қажет. Инсульттан кейінгі психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) қортынды бағалауы бойынша Басқа да транзиторлы церебралды ишемиялық шабуылдар және олармен байланысты синдромдар (G45.8 ) диагнозы бойынша науқастардың орта балы 27,4 балды құрады, бұл дегеніміз деменцияның басталуын білдіреді. Бұл жерде жеңіл когнитивті бұзылыстардың белгілері байқалады. Ми сыңарының қыртысына қан құйылу (I61.0) диагнозы бойынша 24,3 орта балды құраса, бұл деменция алды когнитивті бұзылыстар бар екенін көрсетеді. Прецеребралды артерияның тромбозы тудырған ми инфарті (I63.0) бойынша орта балл 27,5 мен ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаргі ( I63.4) бойынша орта балл 24,9 , ол деменцияның басталуын білдіреді және когнитивті бұзылыстардың белгілері байқалады. Сол жақ жарты шардағы геморрагиялық типтегі церебральды айналымның қайталама бұзылуы (I 60.0) диагнозы бойынша орта балл 24 балл деменция алды когнитивті бұзылыстар бар екенін көрсетеді. Ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаркты 22,8балл жеңіл дәрежелі деменцияны көрсетеді(Сурет 8).



Сурет 11. Инсульттан кейінгі психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) орта балл көрсеткіші.

Инсульттан кейінгі Монреаль когнитивті (MoCA) қортынды бағалауы бойынша Басқа да транзиторлы церебралды ишемиялық шабуылдар және олармен байланысты синдромдар (G45.8 ) диагнозы бойынша науқастардың орта балы 24,7 балды құрады, бұл дегеніміз деменцияның басталуын білдіреді. Бұл жерде жеңіл когнитивті бұзылыстардың белгілері байқалады. Ми сыңарының қыртысына қан құйылу (I61.0) диагнозы бойынша 21,8 орта балды құраса, бұл деменцияның жеңіл түрі дамып жатқандағын және деменцияның жеңіл дәрежелі айқын бұзылыстары бар екендігін білдіреді. Прецеребралды артерияның тромбозы тудырған ми инфарті (I63.0) бойынша орта балл 24,5 мен ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфарті ( I63.4) бойынша орта балл 23,4 , ол деменцияның басталуын білдіреді және когнитивті бұзылыстардың белгілері байқалады. Сол жақ жарты шардағы геморрагиялық типтегі церебралды айналымның қайталама бұзылуы (I 60.0) диагнозы бойынша орта балл 21,7 балл болғандықтан, жеңіл дәрежелі деменция (11 сурет).

G45.8, I63.0, I63.3, I 63.4 I61.0 , I 60.1. диагнозы бойынша 100 науқас MMSE шкаласы бойынша бағаланып, 42% науқаста деменция алды (преддементные)когнитивті бұзылыстар анықталды. 14% жеңіл дәрежелі деменция анықталды. 44% науқаста жеңіл когнитивті бұзылыстар анықталды.



Суерт 12. Монреаль когнитивті шкала бойынша (MoCA) орта балл көрсеткіші

MoCA шкаласын қолдану кезінде когнитивті бұзылулар 155 (57,6%) науқас бағаланды, MMSE шкаласы бойынша 100 науқас тексерілді (48,9%). MoCA шкаласы бойынша алынған нәтижелердің жалпы орташа мәні  $23,1 \pm 5,31$  баллды, ал MMSE шкаласы бойынша -  $25,8 \pm 4,66$  баллды құрады. Нәтижесінде 2,7 балл көрсеткіштеріндегі айырмашылық статистикалық маңызды болды (OR = 4,4 (CA 95% 2.6-7.6),  $p < 0.000$ ). Сонымен қатар, MoCA шкаласын зерттеген кездепациенттердің нәтижелері MMSE шкаласына қарағанда төмен болды, бұл дегеніміз MoCA шкаласының жоғары сезімталдық деңгейлікендігін көрсетеді. Ишемиялық инсультта шкаланың индекстері MoCA 6-дан 30 баллға дейін, орташа мәні  $22,8 \pm 5,7$  баллды құрады (CA 95% орташа мәні 21.4-24.3). MMSE шкаласы бойынша жүргізілген зерттеу кезінде ишемиялық инсультпен ауыратын науқастарда 5-тен 30 баллға дейінгі көрсеткіштер анықталды, олардың орташа мәні  $25,6 \pm 4,9$  баллды құрайды (95,4% орташа мән үшін 24,4-26,9). Осылайша, MMSE шкаласының қалыпты мәндерінің жоғары стандартты көрсеткіштеріне қарамастан (28 баллдан жоғары), MoCA шкаласы сенімді түрде жиі ( $p < 0,05$ ) ишемиялық инсульт когнитивті бұзылуларды анықтайды

## **Қорытынды.**

Инсульт бойынша 2018 жылы қаза тапқандардың көрсеткіші -53 болса, 2019 жылы бұл көрсеткіш -55,4 болып жоғарлаған, бұл дегеніміз инсульттан қаза тапқандардың көрсеткіші 2,4 есеге артып отырғандығын көрсетеді. Қазақстан бойынша қан тамыр жүйесінің аурулары соңғы жылдары алдыңғы қатардағы аурулардың бірі екендігі бәрімізге мәлім, соның ішінде жүрек ишемиясы сырқатының да соңғы жылдарда өсу тенденциясы байқалады. Жүрек ишемиясы 2019 жылы 54,6 болса, бұл көрсеткіш 2018 жылы -28,9 құраған.

Түркістан қаласы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ- Түрік Университетінің клиника-диагностикалық орталығындағы науқастармен Шымкент қаласының №1 Қалалық клиникалық ауруханасында G45.8, I 60.1, I61.0 , I63.0, I63.3, I 63.4 диагноздарымен 255 паценттің сырқаттамасына талқылама жасалынып, инсульт алған 100 науқас MMSE шкаласы бойынша және 155 науқас Монреаль когнитивті шкаласы (MoCA) бойынша бағаланды. 255 науқас ауру және емдеу типі АХЖ-10 шифріне сәйкес қойылды.

Ауру кездесушілігінің көбі 61-70 жас шамасының кезеңіне түседі, ол әдеби деректерге қайшы келмейді. Осы салыстыру тобынан ең аз көрсеткіш 2 жас шамасында кездесті, олар: жастық шақ (20-40 жас) және 81 жастан жоғары кезең. Көрсетілген байланыс жас кезінде қауіп факторының аз болуына және үлкен жас тобындағы пациенттер санының аз болуына негізделеді, оны біз жас шамасы және қауіп факторлары арасындағы түйіндескен байланыстың болуына қатысты қарастырдық. Жас топтарына бөлу барысында инсульттың түрлі жағдайлары көбіне 61-70 жас шамасында (37%) және ер адамдар арасында жиі кездесетіндігі байқалды. Сондай ақ 51-60 жас аралығындағы инсульт байқалған оның көрсеткіші (21%) құрады. 71-80 жас аралығында инсульт жағдайларының көрсеткіші - 18% құраса, 41-50 жас аралығында - 17% құрап аса айырмашылық байқалмады. 20-40 жас аралығында инсульт жағдайының тіркелуі - 4% құрап отыр. Ерте жағдайда инсульттың кездесуі жастардың арасында стресстік жағдайлармен байланысты. 81 жастан жоғары жас топтарының арасында инсульттың кездесуі 3% құрады. G45.8, I63.0, I63.3, I 63.4 I61.0 , I 60.1. диагноздарымен тіркелген 255 науқастың Монреаль когнитивті шкаласы (MoCA) әр көрсеткіші есептеу барысында. Көрнекті конструктивті атқарушы дағдылар, атаулар, назар, сөйлеу қабілеті, абстаркция, кейінге қалдырылған сөздер және бағдар бойынша бағаланды. Көрсетіліп отырған диагноздардың ішінде орта балы ең төмені абстракция қабілеті бойынша байқалды. Абстракция қабілеті әсіресе көп науқаста I61.0 диагнозында 1 орта балмен есептелді. Бұл дегеніміз инсульттан кейін көп науқаста абстракция төмендейді, яғни науқас ақпаратты жеткілікті түрде есте сақтайды, бірақ егер оны жаттауға байланысты емес басқа тапсырма алаңдатып алса, ол сөздерді немесе визуалды заттарды толық көлемде түсіндіре алмайды немесе айта алмайды. Басқа диагноздар бойынша бұл көрсеткіш G45.8, I63.0, I63.3, I63.4 , I 60.1. -2. Барлық аурулар бойынша назардың MoCA бойынша 3 балмен анықталса ең төменгі I61.0 сырқатында орта балл -1,2 құрап отыр. Бұл дегеніміз ми ішілік қан құйылу кезінде зейінді(назар) жоғалту жиі кездесетіндігі анықталды. Жиі есте сақтау

қабілетінің нашарлауы инсульттан кейін пайда болуы мүмкін. Бастапқы кезеңде (инсульттан кейін бірден) жалпы аурудың бұзылуы алдыңғы аурудың уақыт аралығы туралы естеліктердің толық жоғалуы түрінде байқалуы мүмкін. Сирек жағдайларда (кең инсультпен) пациенттер тіпті жақын адамдарды және басқа да белгілі түсініктерді тани алмайтын кезде жалпы өтпелі амнезияны байқауға болады. Көрнекті конструктивті атқарушы дағдылар, атаулар, сөйлеу қабілеті, кейінге қалдырылған сөздер және бағдар бойынша МоСА бойынша Көрнекті конструктивті атқарушы дағдылар орташа ауытқу 0,4 балды құрап отыр.

МоСА когнитивті шкаласы бойынша қалыпты жағдайда орта балл – 26-30 балдың арасында жинаса науқас онда когнитивті ақаулар жоқ екендігін білдіреді. Біздің зерттеуімізде жастық ерекшеліктері бойынша әйел адамдардың орта балы  $21,1 \pm 2$  құраса, ерлер арасында бұл көрсеткіш  $23,1 \pm 2$  құрап отыр. Орта балл ерлерде арасында, әйелдерге қарағанда 2 балға жоғары көрсеткішке ие болып отыр. Әдеби шолуда көрсеткендей әйелдер арасында инсульттан кейінгі қалпына келу үрдісі ерлерге қарағанда ұзақ жүреді. Ерлердің арасында инсульт алу жағдайлары 40 жастан басталса, әйелдер арасында 60-65 жастан басталады. Ер адамдарда инсульттың алғашқы белгіреін анықтау жеңілдеу, әйел адамдарға қарағанда. Инсульттан кейінгі деменцияның дамуы көбіне қосымша аурулардың болуы және де эмоциональдық күйзелістің күшейуі де себеп болып табылады. Жастың ұлғаюы да деменцияның күшеюіне алып келеді. Инсульт жағдайының өршуіне алып келетін қауіп факторлар артериялық гипертензия, зиянды әрекеттер, артық салмақ, ішімдік, стресстік жағдайлар, қант диабеті мен жүрек қантамыр жүйесінің ауруларын жатқызуға болады.

Психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) бойынша G45.8, I63.0, I63.3, I63.4, I61.0, I 60.1 диагноздары бойынша инсульттан кейінгі ең төмен дағды сурет сызу оның Милық ортаңғы артериядан мидың торлы қабығының астына қан құйылу (I60.0) 0,1 балмен ( ең жоғары балл 1) кездескен, дәл осы диагноз бойынша уақыт бағдары басқа диагноздарға қарағанда ( I60.0=4,1 орта балды) құрады. Орын бағдары бойынша I63.3-4,1 балмен төмен 0,9 балға төмендеп отырғандығын байқалады. Орын бағдары бойынша ең жоғары көрсеткіш I63.0 -4,4балға тең болғаны байқалады. Қабылдау дағдысы бойынша I63.0, G45.8, I63.4 диагноздары бойынша 2,8 (нормада 3 балл) 0,2 балға аз. Зейіннің шоғырлануы және санау бойынша қалыпты жағдайда 5 балл болса, Ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаргі (I63.4) сырқатында 1 балл айырмашылықпен орташа 4 балға тең екендігін көрсетті, яғни осы диагноздан кейін зейіннің шоғырлануы және санау жоғалту жағдайлары жиі кездеседі. Зейіннің шоғырлануы және санау дағдысы бойынша ең жоғары көрсеткіш –орта балмен 4,5 болып I63.3 сәйкес келіп тұр. Жады(память) қалыпты жағда шкала бойынша 3 балға тең. Бұл жерде қатты айырмашылық 1,3 балмен Субарохноидальды қан қету. I63.3 диагнозында науқастарда жадының айтарықтай төмендейтінін байқауға болады. Сөйлеу қабілетіне келетін болсақ бұл шкалада аса сөйлеу қабілетінде өзгерістер болмайды тек ғана I63.3, I60.0, диагноздары бойынша 0,9 балл өзгерісімен 2,1 орта балына сәйкес келеді.

Қабілеттердің ішінде барлық диагноздар бойынша төмендеу болған ол 3 этапты команданы орындау болып табылады. 3 этапты тапсырманы орындауда қалыпты жағдайда 3 балл болса, I63.3, I61.0, I60.0 диагноздары бойынша бұл көрсеткіш орта шамамен 1,1 балды құрап отыр (1,9 балл айырмашылықпен). Оқу қабілеті бойынша I61.0 сырқатында басқа диагноздармен салыстырғанда ең төменгі балды көрсетіп отыр, ол-1,1 орта балға сәйкес

Инсульттан кейінгі психикалық мәртебенің қысқа шкаласы (MMSE) қортынды бағалауы бойынша Басқа да транзиторлы церебралды ишемиялық шабуылдар және олармен байланысты синдромдар (G45.8 ) диагнозы бойынша науқастардың орта балы 25,4 балды құрады, бұл дегеніміз деменцияның басталуын білдіреді. Бұл жерде жеңіл когнитивті бұзылыстардың белгілері байқалады. Ми сыңарының қыртысына қан құйылу (I61.0) диагнозы бойынша 21,7 орта балды құраса, бұл деменцияның жеңіл түрі дамып жатқандағын және деменцияның жеңіл дәрежелі айқын бұзылыстары бар екендігін білдіреді. Прецеребралды артерияның тромбозы тудырған ми инфарті (I63.0) бойынша орта балл 25,6 мен ми артерияларының тромбозы тудырған ми инфаргі ( I63.4) бойынша орта балл 24,9 , ол деменцияның басталуын білдіреді және когнитивті бұзылыстардың белгілері байқалады. Сол жақ жарты шардағы геморрагиялық типтегі церебралды айналымның қайталама бұзылуы (I 60.0) диагнозы бойынша орта балл 21,1 балл болғандықтан, жеңіл дәрежелі деменция.

Деменцияны емдеуде негізгі препараттар тобы антихолинэстеразды препараттар және NMDA-рецепторлар глутаматының антогонисті. Тамырлы деменцияның емінде ең тиімді препараттар донепезил және галантамин. NMDA-рецепторлар глутаматының антогонисті (Актинол, Мемантин) препараттары есте сақтау қызметін жақсартады және маңдай бөлігінің қызметіне жақсы әсер береді. Тамырлы когнитивті қызметтің емінде пирацетам, ницерголин, цитоколин, пентоксифиллин, гинкго билоба препараттарының тиімділігі дәлелденген. Жеңіл тамырлы когнитивті қызмет бұзылысында профилактикалық шаралар өмір сүру сапасына, қауіп факторларын қадағалау, қосалқы ауруларын емдеуге, инсульт профилактикасына байланысты. Біріншілік профилактика зиянды әдеттерден бас тарту, дене массасын, Артериальды қан қысымын қадағалау, углевод алмасу бұзылысын коррекциялау, гиперхолестеринемия, теңіз өнімдерін , E, B12 витаминіне бай өнімдерін, омега-3 май қышқылын қолдану. MoCA шкаласын қолдану кезінде когнитивті бұзылулар 155 (57,6%) науқас бағаланды, MMSE шкаласы бойынша 100 науқас тексерілді (48,9%). MoCA шкаласы бойынша алынған нәтижелердің жалпы орташа мәні  $23,1 \pm 5,31$  баллды, ал MMSE шкаласы бойынша -  $25,8 \pm 4,66$  баллды құрады. Нәтижесінде 2,7 балл көрсеткіштеріндегі айырмашылық статистикалық маңызды болды (OR = 4,4 (95% CI 2.6-7.6),  $p < 0.000$ ). Сонымен қатар, MoCA шкаласын зерттеген кездепациенттердің нәтижелері MMSE шкаласына қарағанда төмен болды, бұл дегеніміз MoCA шкаласының жоғары сезімталдық деңгейлікендігін көрсетеді. Ишемиялық инсультта шкаланың индекстері MoCA 6-дан 30 баллға дейін, орташа мәні  $22,8 \pm 5,7$  баллды құрады (CI 95% орташа мәні 21.4-24.3). MMSE

шкаласы бойынша жүргізілген зерттеу кезінде ишемиялық инсультпен ауыратын науқастарда 5-тен 30 балға дейінгі көрсеткіштер анықталды, олардың орташа мәні  $25,6 \pm 4,9$  баллды құрайды (95,4% орташа мән үшін 24,4-26,9). Осылайша, MMSE шкаласының қалыпты мәндерінің жоғары стандартты көрсеткіштеріне қарамастан (28 баллдан жоғары), MoCA шкаласы сенімді түрде жиі ( $p < 0,05$ ) ишемиялық инсульт когнитивті бұзылуларды анықтайды.



## **ТҰЖЫРЫМ**

MMSE шкаласымен салыстырғанда MoCA шкаласының когнитивтік дисфункцияларды анықтау сапасына қатысты біршама артықшылығын көрсеткенімізге қарамастан, қол жетімді критерийлерді әр нақты жағдайда екі шкаланы бір уақытта қолданған орынды.

Науқасты қарау барысында деменцияның ерте белгілері науқасты тексеру барысында айтарлықтай ескерілмейді. Бұл, өз кезегінде, емдеу-сауықтыру шараларын жүргізуге кері әсер етеді, оңалту процесінің болжамдық мүмкіндіктерін төмендетеді. Сондықтан инсультпен ауыратын науқасты кешенді тексерудің қажетті компоненті когнитивті тапшылықтың ауырлығын анықтау болуы керек.

## **ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР**

Инсульт алған науқастарды тексеру барысында когнитивті бұзылыстарды ерте анықтау мақсатында MoCA және MMSE шкалаларын қолдануды міндеттеу.

Инсульттің алдын алу мен қауіп факторларын басқару мүмкіндігін халықтың санитарлық сауаттылығын арттыру және салааралық қатынасты нығайту жұмысы кезінде кеңінен ескерілуі тиіс.

## Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. Калария Р.Н., Акинеми Р., Ихара М. Инсульт, когнитивные нарушения и сосудистая деменция. *Biochim Biophys Acta*. 2016; 1862 (5): 915-925. DOI: 10.1016/j.bbadis.2016.01.015
2. Остапчук, Е. С. Клинические и возрастные аспекты госпитальной летальности при церебральном инсульте / Е. С. Остапчук, В. С. Мякотных // Вестник уральской медицинской академической науки. — 2017. — № 14 (2). С. 131—139.
3. Folstein, M. F. “Mini-mental state”. A practical method for grading the cognitive state of patients for the clinician»  
M. F. Folstein, S. E. Folstein, P. R. McHugh // *Journal of psychiatric research*. — 1975. — V. 12, № 3. — P. 189—198.
4. The Montreal Cognitive Assessment, MoCA: a Brief Screening Tool for Mild Cognitive Impairment / Z. S.Nasreddine, N. A. Phillips, V. Bedirian et al. // *J. Am. Geriatr.* — 2005. — V. 53, № 4. — P. 695—699.
5. Возможности медикаментозной коррекции умеренного когнитивного расстройства / А. Н. Бойко, А. В. Лебедева, И. А. Щукин д-р. // Журнал неврологии и психиатрии им. С.С. Корсакова. — 2013. — № 2. — С. 28—32.
6. Aggarwal, A. Comparison of the Folstein Mini Mental State Examination (MMSE) to the Montreal Cognitive Assessment (MoCA) as a Cognitive Screening Tool in an Inpatient Rehabilitation Setting / A. Aggarwal, E. Kean // *Neuroscience & Medicine*. — 2010. — № 1. — P. 39—42.
7. Cognitive Tests to Detect Dementia: A Systematic Review and Meta-analysis / K. K. Tsoi, J. Y. Chan, H. W. Hiraie et al. // *JAMA internal medicine*. - 2015. — Sep. — V. 175, № 9. — P. 1450—1458.
8. Test Accuracy of Cognitive Screening Tests for Diagnosis of Dementia and Multinomial Cognitive Impairment in Stroke / R. Lees, J. Selvarajah, C. Fenton et al. // *Stroke*. — 2014. — V. 45, № 10. — P. 3008—3018.
9. Ишемический инсульт. Обновленные рекомендации 2018 года Американской ассоциации сердца/Американской ассоциации инсульта. Стандарт операционной процедуры «Прием, обработка и передача вызова» Приказ МЗ РК №22 от 13.03.2019 г.
10. Стаховская Л.В., Шеховцова К.В., Рожкова Т.И. и др. Сравнительный анализ качества медицинской помощи больным с инсультом на догоспитальном этапе в разных городах Российской Федерации. *Журн. неврол. и психиат.* 2010. №9. Вып.2. С.36-41
11. Jauch et al. Guidelines for the Early Management of Patients With Acute Ischemic Stroke. *Stroke*. 2013. № 44. P. 870-947. Программный комплекс «АДИС», версия 8.2 Рук. пользователя. М. 2012. 123 с.
12. Harbison J. et al. Diagnostic Accuracy of Stroke Referrals From Primary Care, Emergency Room Physicians, and Ambulance Staff Using the Face Arm Speech Test. *Stroke*. 2003. № 34. P. 71-76

13. Багненко С.Ф., Верткин А.Л., Мирошниченко А.Г., Хубутя М.Ш. Рук.по скорой мед. помощи. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2007. 816 с.
14. Сидоров А.М. Оптимизация ведения больных с инсультом на догоспитальном этапе в мегаполисе: Автореф.дис.канд.мед. наук. М. 2009. 22 с.
15. Антонов И.П. Справочник по диагностике и прогнозированию нервных болезней в таблицах и перечнях / И.П. Антонов, Я.А. Лупьян. – Минск: Беларусь, 1986. 288 с.
16. Архангельский А.Е. Клиника и топическая диагностика поражений ствола головного мозга: учеб. пособие / А.Е. Архангельский. 2-е изд., доп. СПб.: Макет, 1998. 44 с.
17. Бадалян Л.О. Детская неврология /Л.О.Бадалян. М.: Медицина, 1975. 415 с.Баркер Р. Наглядная неврология: учебное пособие: пер. с англ. Г.Н.Левицкого / Р.Баркер, С.Барази, М. Нил; под ред. В.И. Скворцовой. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2005. 136 с.
18. Болезни нервной системы: руководство для врачей: в 2 т. Т.1. /под ред. Н.Н.Яхно, Д.Р. Штульмана. 3-е изд., перераб. и доп. М.: Медицина, 2013. 744 с.
19. Вейнер Г. Неврология: пер. с англ. / Г.Вейнер, Л. Левит; под ред. проф. Д.Р. Штульмана, доц. О.С.Левина. М.: ГЭОТАР-Медиа, 2000. 256 с.
- Дуус П. Топический диагноз в неврологии. Анатомия. Физиология. Клиника /П.Дуус. М.: Вазар Ферро, 1996. 400 с.
- Коллинз Р.Д. Диагностика нервных болезней: иллюстрированное руководство: пер. с англ. /Р.Д.Коллинз. М.: Медицина, 2016. 240 с.
- Леонович А.Л. Актуальные вопросы невропатологии /А.Л.Леонович. М.: Высшая школа, 1990. 208 с.
